«ҚАРАЛДЫ»
«Абай облысының білім басқармасы» ММ
«Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы ғылыми-әдістемелік кеңесінің отырысында
«31» 08 2026 ж.

«БЕКІТЕМІН»
«Абай облысының білім басқармасы» ММ
«Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығының директоры
Ж . Ныязбекова
«01» 09 2026ж.

Орыс тілі және әдебиеті, ағылшын тілі пәндерінен «ЛингвоЛэнд» облыстық зияткерлік конкурсын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ереже

1.1. «ЛингвоЛэнд» конкурсы білім алушылардың танымдық белсенділігін дамыту, дарынды оқушыларды анықтау және қолдау, сондай-ақ орыс тілі мен ағылшын тілдерін үйренуге қызығушылықты арттыру мақсатында өткізіледі.

1.2. Ұйымдастырушы Абай облысының білім басқармасы ММ «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы» КМҚК болып табылады.

1.3. Конкурс орыс тілі және әдебиеті, ағылшын тілі пәндерінен жеке тест тапсырмалары түрінде өткізіледі.

1.4. Конкурс Білім беру мекемелерінің базасында немесе қашықтықтан (қажет болған жағдайда) форматта өткізіледі.

1.5. Осы Ереже конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібін, қатысушылардың мақсаттарын, міндеттерін және қорытындылау нысандарын айқындайды.

2. Конкурстың мақсаты

Білім алушылардың тілдік даярлық деңгейін арттыру және олардың қарым-қатынас, мәдениет және өзін-өзі көрсету құралы ретінде орыс және ағылшын тілдеріне қызығушылығын дамыту.

3. Міндеттері

- оқушылардың шығармашылық қабілеттерін және тілдік түйсігін дамыту;
- сауатты жазбаша және ауызша сөйлеу дағдыларын жетілдіру;
- ана тілін және шет тілдерін үйренуге ынталандыруды қалыптастыру;
- тіл саласында ерекше қабілеттерін көрсететін оқушыларды анықтау және қолдау;
- оқушылардың зияткерлік дамуына жағдай жасау.

4. Қатысушылар

4.1. Конкурсқа жалпы білім беретін мекемелердің 3-11 сынып оқушылары қатысады.

4.2. Конкурс екі пән бойынша өткізіледі: орыс тілі және әдебиеті және ағылшын тілі.

4.3. Орыс тілі және әдебиетінен конкурс 17 қыркүйекте, ағылшын тілінен 24 қыркүйекте өтеді.

4.4. Конкурсқа қатысу ерікті болып табылады, тәрбиеленушілер мен оқушыларды олардың қалауына қарсы қатысуға тартуға тыйым салынады.

5. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу

5.1. Конкурсты дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру жұмысын үйлестіру және жүзеге асыру үшін облыстық ұйымдастыру комитетінің (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) құрамы бекітеді.

5.2. Ұйымдастыру комитеті:

- конкурсты дайындау мен өткізуге тікелей басшылықты жүзеге асырады;
- конкурсқа қатысу үшін өтінімдер мен қажетті материалдарды қабылдайды;
- тапсырмалардың мазмұнын әзірлейді, жұмыстарды бағалау критерийлерін анықтайды;
- жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды;
- қорытындыларды талдайды және жинақтайды;
- конкурс туралы Ережеге сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5.3. Конкурс жас санаттары бойынша өткізіледі (3-4 сыныптар, 5-8 сыныптар, 9-11 сыныптар).

5.4. Конкурс ұйымдастырушы бекіткен кестеге сәйкес белгіленген мерзімде ақылы негізде өткізіледі. Қатысу құны **1500 теңге**.

5.5. Қатысу үшін электрондық мекенжайға төлем туралы түбіртекті қоса бере отырып, төмендегі нысан бойынша өтінімді (1-қосымша) ұсыну қажет:

- орыс тілі және әдебиетінен 15 қыркүйекке дейін gauhar.ino@inbox.ru электронды поштасына қабылданады.
- ағылшын тілінен 22 қыркүйекке дейін madyna.mukasheva@mail.ru электронды поштасына қабылданады.

5.6. Конкурсты өткізу орындарында ұйымдастыру үшін үйлестірушілер тағайындалады. Үйлестірушілер әдіскерлер, жұмыс тәжірибесі бар педагогтар, сондай-ақ жергілікті білім бөлімдерінің өкілдері бола алады. Үйлестіруші қатысушыларды конкурс өткізу тәртібі туралы уақытылы хабардар етуге, сондай-ақ конкурстық тапсырмаларды орындау кезінде Академиялық адалдық қағидаттарын сақтауға ықпал ететін жағдайларды қамтамасыз етуге жауапты болады.

5.7. Жауап парағы арнайы бланкілерінде толтырылады. Тапсырмаларды орындауға 40 минутқа дейін уақыт беріледі.

5.8. Жауап парағы көк немесе қара сиялы қаламмен белгілену керек.

5.9. Жауап парақтары сканерленеді және ұйымдастыру комитетіне жіберіледі.

5.10 Тапсырмалар мен жауап парақ бір күн бұрын жіберіледі.

6. Қорытындылау және марапаттау

6.1. Қатысушылардың жұмыстары дұрыс орындалған тапсырмалар саны бойынша бағаланады.

6.2. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер әр жас санатында әр тіл бойынша жеке анықталады.

6.3. Барлық қатысушылар қатысушы сертификаттарын алады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталады. Барлық марапаттау материалдары электронды түрде беріледі.

6.4. Нәтижелер Абай облысының білім басқармасы ММ «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы» КМҚК ресми сайтында жарияланады (немесе қатысушылар мен олардың оқытушыларының назарына өзге тәсілмен жеткізіледі).

7. Конкурсқа қатысу шарты

Реквизит: Абай облысының білім басқармасы ММ «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы» КМҚК.
БИН 221240039001
ИИК KZ 54601A261002052351
КНП 859
КБЕ 16

2) Kaspi.kz арқылы:
1) Kaspi.kz тіркелу;
2) «Төлемдер» бөлімі;
3) «Білім»;
4) «Қосымша білім беру»;
5)«Абай облысы ББ «Дарын орталығы» (Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі,
6) қатысушының деректерін және төлем сомасын енгізу;
7) төлем әдісін таңдау (Kaspi Gold, Kaspi депозит, Kaspi әмиян, несие картасы);
8) төлем жасау- «**ЛингвоЛэнд рус**» (орыс тілі және әдебиеті)
«**ЛингвоЛэнд англ**» (ағылшын тілі)